- 8 немесе одан үлкен жастағы балалар, сезім немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдар не білімі немесе тәжірибесі жоқ адамдар бұл құрылғыны бақылаумен немесе құрылғыны пайдалану нұсқауы берілген жағдайда ғана ықтимал қауіптер ескерілген қауіпсіз жолмен пайдалана алады.
- Тазалау және техникалық қызмет көрсету бақылаусыз

балалармен орындалмауы керек.

- Пеш есігінің шыныларын тазалау үшін қатты немесе абразивті материалдарды не үшкір металл қырғыштарды пайдалануға болмайды, себебі олар бетті сызып, шыныны сындыруы мүмкін.
- Алынбалы бөліктерін алу алдында пешті өшіру керек. Тазалаған соң, оларды нұсқауларға сәйкес қайта жинақтаңыз.
- Осы пешке ұсынылған ет датчигін ғана пайдаланыңыз.
- Тазалау жұмыстарына бумен тазалау құралын немесе жоғары қысымды бүркігішті пайдаланбаңыз.
- ЕГЕР ӨНДІРУШІ ПЕШТІ ШТЕПСЕЛЬ АШАСЫСЫЗ ЖЕТКІЗЕТІН БОЛСА:

ҚҰРЫЛҒЫ ҚУАТТАУ КӨЗІНЕ АША НЕМЕСЕ РЕЗЕТКІЛЕР КӨМЕГІМЕН ҚОСЫЛМАЙДЫ, ТУРА ҚУАТТАУ ЖЕЛІСІНЕ ҚОСЫЛАДЫ. Қуаттау көзіне іске қосуды тиісті біліктілігі бар маман жүзеге асыруы тиіс. Қондырғы қауіпсіздік саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес келуі үшін пешті, түйіспелер арасында қашықтығы III артық кернеу класына қойылатын талаптарға сәйкес келетін қашықтығы болып, құрылғы мен қуаттау көзі арасында омниполярлық ажыратқышты орнатып қана іске қосу қажет. Омниполярлық ажыратқыш қосылған максималды жүктемені көтеруі және қолданыстағы заңнамаға сәйкес келуі тиіс. Жерге тұйықтауға арналған сары-жасыл кабельге ажыратқыш орнатудың керегі жоқ. Құрылғыны орнатқанда, қосылымға пайдаланылған омниполярлық ажыратқыш қолжетімді болуы керек.

Қуаттау көзіне іске қосуды пештің полярлығы мен қуаттау көзіне ескере отырып, тиісті біліктілігі бар маман жүзеге асыруы тиіс.

Ажырату стационарлық электр сым желісіндегі ажыратқыш арқылы жүргізілуі тиіс, ол электр қондырғыларды құру ережелеріне сәйкес орнатылады.

- ЕГЕР ӨНДІРУШІ ПЕШТІ ШТЕПСЕЛЬ АШАСЫМЕН ЖЕТКІЗЕТІН БОЛСА:
Ұяшық жапсырмада көрсетілген жүктемеге үйлесімді болуы керек әрі жерге тұйықталған контактісі болуы және жұмыс істеп тұруы тиіс. Жерге тұйықтау өткізгішінің түсі сары-жасыл болады. Бұл жұмысты білікті кәсіби маман ғана орындауы керек. Ұяшық пен құрылғы ашасы бір-біріне үйлесімді болмаса, білікті электр маманынан ұяшықты ауыстырып беруін сұраңыз. Аша мен ұяшық орнатылатын елдегі ток нормаларына сәйкес болуы керек. Қуаттау көзіне қосу, түйіспелер арасында қашықтығы III артық кернеу класына қойылатын талаптарға сәйкес келетін қашықтығы болып, құрылғы мен қуат көзінің арасындағы омниполярлық ажыратқыш есебінен болуы мүмкін, ол максималды қосылған жүктемені көтере алады және ағымдағы заңнама талаптарына сәйкес келеді. Жерге тұйықтауға арналған сары-жасыл кабельге ажыратқыш орнатудың керегі жоқ. Құрылғы орнатылғанда, қосылымға пайдаланылған ұяшық немесе омниполярлық ажыратқыш қолжетімді болуы керек.
Ашаны қолжетімді жерге қою арқылы немесе сым жүргізу ережелеріне сәйкес бекітілген сымға қоқыш жалғау арқылы ажыратуға болады.
- Егер қуат кабелі зақымдалса, өндіруші тарапынан ұсынылған кабельмен немесе арнайы жинақпен алмастырылуы керек немесе тұтынушыларға қызмет көрсету бөліміне хабарласуыңыз керек. Қуат кабелінің түрі H05V2V2-F болуы керек. Бұл жұмысты білікті кәсіби маман ғана орындауы керек. Жерге тұйықтау өткізгіші (сары-жасыл) басқа өткізгіштерден шамамен 10 мм ұзын болуы керек. Кез келген жөндеу жұмыстарын Тұтынушыға қолдау көрсету бөлімінен қараңыз және түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануын сұраңыз.
- Жоғарыда айтылғандарды орындамаған жағдайда,

- құрылғыға қауіп төніп, кепілдіктің күші жойылуы мүмкін.
- Тазаламас бұрын шашыраған материалдың артық мөлшері алып тасталуы керек.
 - Пісіру кезінде орын алып, ұзаққа созылатын қуат көзінің ақаулығы монитор ақаулығына себеп болуы мүмкін. Бұндай жағдайда тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
 - Шамадан тыс ысып кетпеуі үшін құрылғыны декоративті есіктің артына орнатуға болмайды.
 - Тор түпқоймасын салғанда, сырғуға қарсы жиіктің артқа және жоғары қарап орналасқанына назар аударыңыз.
 - Ішіне сөре қойғанда, тежегіш жоғары қарап тұруы керек және қуыстың артқы жағында болуы керек. Сөре қуысқа толықтай салынуы керек.
 - ЕСКЕРТУ: Пеш қабырғаларын дүкендерде қолжетімді алюминий фольгамен немесе бір рет қолданылатын қорғаныспен туралауға болмайды. Алюминий фольга немесе басқа қорғаныс ыстық эмальмен тікелей байланысса, ішкі эмальді ерітуі және нашарлатуы мүмкін.
 - ЕСКЕРТУ: Пеш есігінің тығыздауышын ешқашан ашпаңыз.
 - АБАЙЛАҢЫЗ: Пісіру кезінде немесе пеш ыстық кезде қуыс түбін сумен толтыруға болмайды.
 - Құрылғыны номинал жиіліктерде пайдалану мақсатында қосымша жұмыс/параметр талап етілмейді.
 - Пешті жоғарыға тіреуге немесе жұмыс үстелінің астына орналастыруға болады. Бекітуден бұрын, ішкі бөлшектерді салқындатуға және қорғауға қажетті дұрыс ауа айналымы болуы үшін пеш кеңістігінде жақсы желдетуді қамтамасыз етуіңіз керек. Саңылауларды соңғы бетте көрсетілген фитинг түріне сәйкес жасаңыз.
 - Пешті дұрыс пайдалану үшін тағамды сөрелермен және түпқоймалармен тікелей жанастырып қоймай, оның орнына пеш қағаздарын және/немесе арнайы ыдыстарды пайдаланған жөн.

Жалпы нұсқаулықтар

Біздің өнімімізді таңдағаныңыз үшін сізге осы нұсқауды мұқият оқып шығып және болашақта пайдалану үшін ыңғайлы жерде сақтауға кеңес береміз. Пешті орнатудың алдында, жөндеудің қажеттігі пайда болған жағдайда клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарлау үшін, оның сериялық нөмірін жазып алыңыз. Пештен ораған материалын алғаннан кейін, онда тасымалдаған кезде пайда болған бүлінген жерлерінің жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Күмән пайда болған жағдайда пешті пайдалануды тоқтатып және білікті техникалық маманнан кеңес сұраңыз.

Барлық орама материалды (пластикалық пакеттер, полистирол, шегелер) балалардың қол жетпейтін жерде сақтаңыз. Пешті алғаш қосқан кезде сіз пештің маңайындағы оқшаулағыш панельдердегі желімді жабындардың қызуынан пайда болған түтіндеуді байқауыңыз мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс, және бұндай жағдайда пештің ішіне тамақ өнімдерін салмас бұрын сіз духовка шкафын қатты қыздырып және түтін тарағанша күтуіңіз керек. Өндіруші осы құжатта мазмұндалған нұсқаулықтар сақталмаған жағдайда жауапкершілік атқармайды.

ЕСКЕРТПЕ: Пештің қызметі, сапасы және қосымша жабдығы сіздің сатып алған пешіңіздің үлігісіне қарай бірін-бірінен өзгеше болуы мүмкін.

Қауіпсіздік жөніндегі нұсқау

Пешті тек тікелей мақсаты бойынша ғана, яғни тек тамақты дайындау үшін ғана пайдаланыңыз; кез келген басқа мақсатқа, мысалы жылу көзі ретінде қолдану дұрыс емес және, тиісінше қауіпті пайдалану болып есептеледі. Өндіруші дұрыс қолданбау және мақсаты бойынша пайдаланбаудың салдарынан келген кез келген шығын үшін жауап бермейді.

Кез келген электр-тұрмыстық құралдарды пайдалану бірнеше негізді ережелерді сақтауды талап етеді:

- құрылғыны қуаттау көзінен ажырату үшін қуаттау кабелінен тартпаңыз
- құралға қоылыңызды немесе аяғыңызды дымқыл күйінде тигізбеңіз.
- әдетте, жалғастырғыштарды, тармақтағыштар мен ұзартқыштарды пайдаланбауға кеңес беріледі;
- дұрыс емес және/немесе нашар жұмыс істеген жағдайда, құралды ажыратыңыз және оны бөлшектеуге тырыспаңыз.

Электр қауіпсіздігі

БАРЛЫҚ ЭЛЕКТР КӨЗДЕРІНЕ ҚОСУДЫ ТӘЖІРИБЕЛІ ЭЛЕКТРИКТИҢ НЕМЕСЕ БІЛІКТІ ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАННЫҢ ОРЫНДАҒАНЫНА КӨЗ ЖЕТКІЗҢІЗ.

Пеш қосылатын қуат көзі, құрылғы сол елде орнатылатын елдің аумағында қолданылатын нормативтердің талаптарына сәйкес болуы керек. Өндіруші осы нұсқаулықтарды сақтамаудан болған кез келген бүлінулер үшін жауап бермейді. Пеш жерге тұйықталған қабырғадағы розеткасы бар қуат көзіне, не көп полюсті ажыратқышқа, елдің аумағында қолданылатын нормативтік талаптарға байланысты, қосылуы керек. Электр қуат көздеріне қосу сәйкесінше сақтандырғыштармен қорғалған болуы, ал пайдаланылатын кабельдердің көлденең қимасы пештің қуат көзіне беру үшін қажетті шарттард қамтамасыз етуі керек.

ҚОСУ

Пеш кабельмен (айырсыз) бірге жиынтықта жеткізіледі, оны фазаларының арасындағы және фазаның және нейтралдың арасындағы 50 Гц жиіліктегі 220–240 В ауыспалы тоқтың қуат көзіне ғана қосқан дұрыс. Пешті қуат көзіне қосудың алдында:

- Өлшеу құралымен көрсетілетін қуат көзінің кернеуін;
- үзгіштің ретке келтірілгенін тексеріп алу қажет.

Пештің жерге тұйықтау кабелі қуат көзінің жерге тұйықтау клеммасына қосылады.

ЕСКЕРТУ

Пешті қуат көзіне қосудың алдында білікті электриктен қуат көзінің жерге тұйықтау кабелінің үздіксіздігін тексеруін сұраңыз. Өндіруші жерге тұйықтаудың дұрыс қосылмауынан болған қандай да бір жазатайым уақиғалар немесе басқа да проблемалар үшін жауап бермейді.

ЕСКЕРТПЕ. Пешке қызмет көрсету қажет болуының ықтималдығы себепті, қабырғада тағы да бір розетканың болғаны дұрыс, егер пешті басқа орынға ауыстыру қажет болса пешті соған қосуға болады. Электр кабелін ауыстыруды тек техникалық қызмет көрсету жөніндегі мамандар не сәйкесінше біліктілікке ие басқа техникалық мамандар ғана жүзеге асыра алады.

Кеңестер

Пешті әрбір пайдаланудан кейін аздап тазартып алып отыру оны барынша таза ұстауға мүмкіндік береді.

Пештің қабырғаларына алюминилі қабыршық қағазды немесе дүкендерде ұсынылатын басқа да бір рет пайдаланатын жабындарды салмаңыз. Алюминилі қабыршық қағаз, кез келген басқа да қорғаныш заты, эмальдалған ыстық бетке тікелей жанасқан кезде балқып кетуі мүмкін, бұл осы беттің пайдалану қасиетінің нашарлауына алып келеді. Пешіңіздің шамадан тыс қызып кетуіне және тамақты дайындаудың уақытында ластануынан пайда болатын түтіннің иісінің шығуына жол бермеу үшін біз оны өте жоғары температураларда жиі пайдаланбауға кеңес береміз. Одан да температураны аздап азайтып және тамақ дайындаудың уақытын ұзартқан дұрыс. Пешпен бірге жеткізілетін қосымша керек-жарақтардан өзге, біз жоғарғы температуралардың әсеріне төзімді ыдыс пен пісіруге арналған қалыптарды ғана пайдалануға кеңес береміз.

Орнату

Орнату өндірушінің міндетіне кірмейді. Дұрыс орнатылмауына байланысты орын алған қателерді түзету үшін өндірушінің көмегі қажет болған жағдайда, бұндай көмектің кепілдікті міндеттемелерге кірмейтінін ескеру қажет. Білікті мамандарға арналған, орнату жөніндегі нұсқаулықтың барлық талаптарын орындау қажет. Дұрыс орнатпау зиян келуіне немесе адамдар мен жануарлардың жарақат алуына немесе материалдық құндылықтардың бүлінуіне себеп болуы мүмкін. Өндіруші бұндай бүлінулер үшін жауап бермейді.

Пеш соған орнатылатын асүйлік жабдықтың жиынтығы кем дегенде 70°C температураға шыдайтын материалдан жасалған болуы керек.

Пешті биік тіреуге немесе үстелдің үстіңгі тақтайының астына орнатуға болады. Пешті бекітудің алдында сіз бұл орында пешті салқындату және оның ішкі бөліктерін қорғау үшін талап етілетін ауаның тиісті түрде айналуын қамтамасыз ететін жақсы желдетудің бар екеніне көз жеткізіп алуыңыз керек. Бекітудің түріне қарай соңғы бетте көрсетілген сәйкесінше тесіктерді жасаңыз.

Сәйкестік туралы мағлұмдама



Бұл бұйым Кедендік Одақтың төмендегі техникалық регламенттеріне сәйкес келеді:

- КО TP 004/2011 "Төмен вольтті жабдықтың сәйкестігі туралы"

- КО TR 020/2011 "Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі"

Бұйым "РОСТЕСТ-МОСКВА" өнімдер мен қызметтерді сертификаттау жөніндегі органында сертификатталған, Мәскеу қаласы.


Сіз сәйкестік сертификатының көшірмесін тауар сатып алынған дүкеннен немесе, sandymow@andy.ru электрондық поштасына сұрау жолдау арқылы алуыңызға болады.

Алғашқы пайдалану

АЛДЫН АЛА ТАЗАРТУ

Пешті алғаш рет пайдаланудың алдында оны тазалап алыңыз. Сыртқы беттерін дымды жұмсақ матамен сүртіп шығыңыз. Барлық қосымша керек-жарақтарын жуып-шайып және жуғыш құрал салынған ыстық сумен пешті ішінен сүртіп шығыңыз. Бос пешті барынша жоғары температураға қойып және оны шамамен 1 сағаттай қосып қойыңыз, бұл жаңа пешке тән болатын иісін кетіруге мүмкіндік береді.

Өнімнің сипаттамасы



1. Басқару тақтасы
2. Сөрелің орындары (егер бар болса ғана, бүйірлік сым тор)
3. Торлар
4. Қаңылтыр табалар
5. Желдеткіш (бар болса)
6. Пештің есігі
7. Бүйірлік сым торлар (бар болса: тек теріс қуыс үшін)


8. Сериялық нөмірі



Болашақта анықтама алу үшін осы жерге сериялық нөміріңізді жазыңыз.


КЕРЕК-ЖАРАҚТАР (Модельге байланысты)

Тамшы науасы




Грильде тамақ дайындаған кезде тамшылайтын қалдықтарды жинайды.

Металл тор



Қаңылтыр табаларды және табақтарды ұстайды.


Бүйірлік сым торлар (Тек бар болса)



Пеш қуысының екі жағында орналасқан, металл грилдер мен тамшы табаларын ұстап тұрады.


Телескопиялық бағыттаушылар

(Тек бар болса)



Пісіру күйін тексеруді жеңілдететін екі бағыттаушы рельс, себебі олар табаларды мен торларды пештің ішінен оңай шығарып, қайта орналастыруға мүмкіндік береді.


Ет термометрі (Тек бар болса)



Тағамның ішкі температурасын пісіру кезінде өлшейді. Пештің ішкі жағының жоғарғы бөлігіндегі тесіктен кіргізіңіз. Пеш салқын болған кезде кіргізу керек. ЕСКЕРТУЛЕР:


- Ет термометрін дұрыс кіргізбей тұрып, пешті алдын ала қыздырмаңыз немесе пісіруді бастамаңыз.
- Ет термометрін мұздатылған тағамға кіргізуге тырыспаңыз

Каталитикалық панельдер (Тек бар болса)




Микропористы құрылыммен жасалған, майды оңай тазартуға болатын газ тәрізді элементтерге айналдыратын эмальмен қапталған арнайы панельдер. 3 жыл қолданғаннан кейін (аптасына 2-3 пісіру циклі кезінде) ауыстыру қажет.

жұмсақ жабылатын (Тек бар болса)



Пештің есігін жабу кезеңінде автоматты түрде жұмсақ және тегіс қозғалысты қамтамасыз ететін ілмектер.


Turnspit (Тек бар болса)



No pre-heating is required for rotisserie cooking. Cooking with the door closed.


- Unscrew the hooks
- Insert the spit into the meat to be cooked
- Secure the meat with the hooks
- Tighten the screws
- Insert the spindle into the hole where the motor is located.
- Remove the handle and use it at the end of cooking to avoid burn when taking the food out of the oven

Ашық аспаздық панель (Тек бар болса)




Пештің ішіндегі ауаның айналымын арттыратын ауа тасымалдаушы. Бұл пісіру тиімділігін жақсартуға, барлық температурада тағамды біркелкі пісіруге, пісіру уақытын қысқартуға және ақырында пештің ішіндегі температураны біркелкі таратуға мүмкіндік береді

Гриль таба жинағы (Тек бар болса)




Қарапайым сөре қалыптарды және табаларды ұстауға болады. Таба ұстаушы сөре, әсіресе гриль тағамдарын дайындауға өте ыңғайлы. Оны сұйық жинағыш табамен бірге пайдаланыңыз. Сөрелердің арнайы пішіні оларды толық шығарылған кезде де көлденең күйде қалуын қамтамасыз етеді. Тағамның сырғып кету немесе төгілу қаупі жоқ. Сұйық жинағыш таба грильде пісірілген тағамдардан шыққан сұйықтықты ұстайды. Ол тек гриль, шиша немесе желдеткішпен қосымша грильде пайдаланылады; басқа пісіру әдістері үшін пештен алынып тасталуы керек. Сұйық жинағыш табаны қуырғыш таба ретінде пайдаланбаңыз, өйткені бұл түтін шығарып, майдың шашырауына әкеледі, бұл пештің ластануына себеп болады. Таба ұстаушы Таба ұстаушы сөре гриль үшін өте ыңғайлы. Оны сұйық жинағыш табамен бірге қолданыңыз. Екі құралды қауіпсіз түрде жылжытуға көмектесетін тұтқа қосылады. Тұтқаны пеште қалдырмаңыз

Airfry табасы (Тек бар болса)



Airfry табасы ыстық ауаның тағамға біркелкі және үш өлшемді түрде жетуін қамтамасыз етеді, бұл тағамның сыртын қытырлақ қылып, ішін жұмсақ сақтауға мүмкіндік береді. Нан үгінділері немесе шырындарды жинау үшін пісіру табасы L1 деңгейіне қосымша орналастырылуы мүмкін

Дисплейдің сипаттамасы (Модельге байланысты)



1. Кері есептеу таймері
2. Сағат параметрі
3. Пісіру уақыты
4. Балалардан қорғау құлпы
5. Температура немесе сағат дисплейі
6. СК дисплейді реттеуді басқару элементтері
7. Термостатты таңдау тұтқасы
8. Функцияны таңдау тұтқасы




Ескерту: уақыт алғаш рет духовка орнатылған соң орнатылады немесе электр тогы сөнгеннен соң (оның қажеттілігі дисплейде 0:00 жанып-өшіп тұрған уақыт түрінде көрінеді).
Уақытты орнату төмендегі бойынша жүзеге асырылады:

- Ортаңғы түймешікті 4 рет басыңыз
- “-” “+” түймешіктер арқылы уақытты орнатыңыз
- Түймешіктерде босатыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Духовка тек уақыт немесе қолмен басқару режимі орнатылғаннан соң ғана жұмыс істейді


Түймелі басқару сағаты бағдарламалағышын пайдалану(Модельге байланысты)

АТҚАРЫМ	ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІ	СӨНДІРУ ТӘСІЛІ	ОЛ НЕ ІСТЕЙДІ	ЕСКЕРТПЕ
ҚҰЛПТАУ 	• Балаларға арналған құлып функциясы Set (+) түймесін 5 секунд бойы басу арқылы қосылады. Осы сәттен бастап басқа барлық функциялар құлыпталады, балалар құлпының жарықдиодты шамы жанады, экранда STOP сөзі мен ағындағы уақыт үнемі жыпылықтайды	Балаларға арналған құлып функциясы Set (+) сенсорлы тақтасын 5 секунд бойы тағы бір рет басу арқылы өшіріледі. Осы сәттен бастап балалар құлпының жарықдиодты шамы сөнеді және барлық функциялар қайтадан таңдалатын болады		
МИНУТ БАСҚАРУШЫ 	• Орталық түймені 1 рет басыңыз • Қажетті уақытты орнату үшін "-" және "+" түймелерін басыңыз • Барлық түймелерді жіберіңіз	• Орнатылған уақыт өткен кезде дыбыстық дабыл қосылады (бұл дабыл автоматты түрде тоқтайды, бірақ оны SELECT түймесін басу арқылы дереу тоқтатуға болады)	• Орнатылған уақыттың соңында дабыл дыбысы шығады. • Процесс барысында экранда қалған уақыт көрсетіледі.	• Пешті будильник ретінде қолдануға мүмкіндік береді (пеш жұмыс істеп тұрған кезде де, жұмыс істемей тұрғанда да қосылуы мүмкін)
ПІСІРУ УАҚЫТЫ 	• Орталық түймені 2 рет басыңыз • Қажетті пісіру уақытын орнату үшін "-" немесе "+" түймелерін басыңыз • Барлық түймелерді жіберіңіз • Пештің функция таңдау тетігімен пісіру функциясын орнатыңыз	• Сигналды тоқтату үшін кез келген түймені басыңыз. Сағат функциясына оралу үшін орталық түймені басыңыз.	• Бұл таңдалған рецепт үшін қажетті пісіру уақытын алдын ала орнатуға мүмкіндік береді. • Қалған уақытты тексеру үшін SELECT түймесін 2 рет басыңыз. • Алдын ала орнатылған уақытты өзгерту үшін SELECT және "-" "+" түймелерін басыңыз	• Уақыт аяқталған кезде пеш автоматты түрде өшеді. Егер пісіруді ерте тоқтатқыңыз келсе, функция таңдау тетігін 0 күйіне қойыңыз немесе уақытты 0:00 орнатыңыз (SELECT және "-" "+" түймелері)




1. Функция таңдау тетігі
2. Пісіру уақыты
3. Термостат таңдау тетігі

Минуттық таймерді қолдану



Пісіру уақытын орнату үшін тетікті бір толық айналым жасаңыз, содан кейін индикаторды қажетті уақытқа қойыңыз. Уақыт өткенде, сигнал бірнеше секундқа шығады.

Пісіру аяқталу таймерін қолдану



Бұл басқару құралдары қажетті пісіру уақытын орнатуға мүмкіндік береді (макс. 120 мин.), пеш орнатылған уақыттың соңында автоматты түрде өшеді. Таймер орнатылған уақыттан кері есептейді, 0 күйіне оралып, автоматты түрде өшеді. Пешті әдеттегі пайдалану үшін таймерді  күйіне орнатыңыз. Пешті орнату үшін таймердің 0 күйінде болмауын қамтамасыз етіңіз.

Дайындау тәртіптері (Модельге байланысты)

Атқарым индикаторы	Болжалды °C	Ауқымы °C	Атқарым
 / 			ШАМ: Тұшпашештің шамын қосу.
 / 			СУЫТУ: Тетікті осы күйге орнатқан кезде желдеткіш бөлмедегі температурада мұздатылған тағамның айналасында ауа айналдырып, тағамның ақуыз құрамын өзгерту немесе бұзбай оны мұздандырады.
 / 	180	50 ÷ MAX	КӨПДЕҢГЕЙЛІ: Бізбүләдістіқұсеті,кондитерлікөнімдер,балықжәне көкөністерүшінқолданудыұсынамыз.Жылутағамғажақсыеніп,пісіру және алдын ала қыздыру уақыттары қысқарады. Бір немесе бірнеше позицияда бірдей дайындықпен немесе дайындықсыз әртүрлі тағамдарды бір уақытта пісіруге болады. Бұл пісіру әдісі жылудың біркелкі таралуын қамтамасыз етеді және иістер араласпайды. Бір уақытта тағамдарды пісіргенде шамамен он минут қосымша уақыт қажет.
 / 	190	50 ÷ MAX	* COOK LIGHT: бұл атқарым тоң май немесе май мөлшерін азайтып, тамақты аса пайдалы тәсілмен даярлау мүмкіндігін береді. Қыздырушы элементтердің лүпілдеуі шауа кезеңімен үйлесуі мінсіз пісіру нәтижесін қамтамасыз етеді».
 / 	210	50 ÷ MAX	ТӨМЕНГІ ЖЫЛУЫТУ + ЖЕЛДЕТКІШ: Төменгі жылыту элементі желдеткішпен бірге пештің ішіндегі ауаны айналдыру үшін қолданылады. Бұл әдіс жеміс десерттері, тарттар, киштер, пицца және паштеттер үшін өте қолайлы. Ол тағамдардың алдыңғы беттерінің кебуін болдырмайды.
 / 	210	50 ÷ MAX	ТӨМЕНГІ ЖЫЛУЫТУ + ЖЕЛДЕТКІШ + БУ: Төменгі жылыту элементі желдеткішпен бірге пештің ішіндегі ауаны айналдыру үшін қолданылады. Бұл әдіс шырынды жеміс десерттері, тарттар, киштер, пицца және паштеттер үшін өте қолайлы. Ол тағамдардың алдыңғы беттерінің кебуін болдырмайды. Бұл функция Aquactiva мүмкіндігімен пешті тазалау үшін пайдалануға болады. Aquactiva функциясы жеңіл ластануды оңай жою үшін және пештің ішін тазалауда экологиялық таза шешім ұсыну үшін бу қуатын пайдаланады.

Атқарым индикаторы	Болжалды °C	Ауқымы °C	Атқарым
	220	50 ÷ MAX	КОНВЕНЦИОНАЛДЫ: Жоғарғы және төменгі жылыту элементтері қолданылады. Пешті шамамен он минут алдын ала қыздырыңыз. Бұл әдіс дәстүрлі қуырылған және пісірілген тағамдар үшін өте қолайлы. Тағамды және оны салатын табаны пештің ортаңғы сәресіне қойыңыз.
	220	50 ÷ MAX	КОНВЕНЦИОНАЛДЫ + БУ: Жоғарғы және төменгі жылыту элементтері қолданылады. Пешті шамамен он минут алдын ала қыздырыңыз. Бұл әдіс дәстүрлі қуырылған және пісірілген тағамдар үшін өте қолайлы. Тағамды және оны салатын табаны пештің ортаңғы сәресіне қойыңыз. Бұл функция сондай-ақ бу көмегімен пісіруді қамтамасыз етеді, ол үшін пеш суық кезде қуысына 100 мл су құйып, тетікті осы функцияға бұру қажет. Бұл функция үшін алдын ала қыздыруды пайдаланбаңыз. Бу режимі әсіресе кондитерлік өнімдер үшін қытырлақ қыртыс және жылтыр бет алу үшін пайдаланылуы мүмкін.
	230	50 ÷ MAX	ГРИЛЬ: Үлкен мөлшердегі шұжықтар, стейктер және тост нан пісіруге өте қолайлы. Гриль элементінің астындағы барлық аймақ ыстық болады. Пештің есігін жабыңыз. Тағамды пісіру барысында оны екі үшінші бөлігінде аударыңыз (қажет болса). Тост пісіру кезінде, алдын ала қыздырмай, 5-ші деңгейдегі сәре позициясында максималды температураны қолданыңыз.
	210	50 ÷ MAX	КОНВЕНЦИОНАЛДЫ + ЖЕЛДЕТКІШ: Осы функцияны таңдаған кезде, төменгі және жоғарғы жылыту элементтері желдеткішпен бірге жұмыс істейді, бұл барлық деңгейде біркелкі пісіруді қамтамасыз етеді. Бұл пісіру әдісі қуырылған тағамдар, кассерольдер, көкөністер немесе ылғалды ішікпен пирогтар үшін өте қолайлы.
	210	50 ÷ MAX	КОНВЕНЦИОНАЛДЫ + ЖЕЛДЕТКІШ + БУ: Осы функцияны таңдаған кезде, төменгі және жоғарғы жылыту элементтері желдеткішпен бірге жұмыс істейді, бұл барлық деңгейде біркелкі пісіруді қамтамасыз етеді. Бұл функция сондай-ақ бу көмегімен пісіруді қамтамасыз етеді, ол үшін пештің қуысына 150 мл су құйып, тетікті осы функцияға бұру қажет. Бұл функция үшін алдын ала қыздыруды пайдаланбаңыз. Бұл пісіру әдісі әрбір тағамның жұмсақтығы мен дәмін арттырады, әсіресе қуырылған тағамдар мен қызыл ет үшін.
	220	50 ÷ MAX	ПИЦЦА: Осы режимде ауа тұмша пештің ішінде айналады, бұл пиццаны немесе тортты дайындаған кезде мінсіз шешім болып табылады.
	200	200	АУА ФРИТЮРНИГІ : Бұл функция ауа фритюрін пісіру үшін өте қолайлы және қосымша құрылғымен бірге ыстық ауаның тағамға біркелкі және үш өлшемді жетуін қамтамасыз етіп, қытырлақ нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Шырындар немесе нан үгіңділерін жинау үшін дренаждық табаны 1-ші деңгейге қойыңыз.

* Энергия тұтынуды декларациялау және энергия класы мақсаты үшін EN 60350-1 стандартына сай тексерілді

Тазарту жөніндегі жалпы ескертпелер

Құралдың тазалығын үнемі қадағалап отырса, оның қызмет ету мерзімін ұзартуға болады. Пешті қолмен тазартудың алдына, ол салқындағанша тосыңыз. Ешқашан тазарту үшін түрпілі еріткіштерді, металдан жасалған щеткаларды немесе үшкір заттарды пайдаланбаңыз, өйткені бұл эмальдалған жабынын қалпына келместей етіп бүлінуіне әкеледі. Тазарту үшін тек суды, сабында және хлорлы негіздегі жуғыш құралдарды (аммиак) пайдаланыңыз.

ӘЙНЕК БӨЛІКТЕРІ

Есіктің әйнегін пешті әрбір пайдаланғаннан кейін ылғалды жақсы сіңіріп алатын асүй сүлгісінің көмегімен тазартуға кеңес беріледі. Тұрып қалған дақтарды кетіру үшін жуғыш құрал сіңдірілген, жықсылап сығылған ысқышты пайдалануға болады, бұдан кейін дақтарды сумен жуып кетірген дұрыс.

ДУХОВКА ШКАФЫНЫҢ ЕСІГІНІҢ НЫҒЫЗДАУЫШЫ

Нығыздауыш ластанған жағдайда, оны аздап сулап алынған ысқышпен тазартуға да болады.

ҚОСЫМША КЕРЕК-ЖАРАҚТАР


Қосымша керек-жарақтарды дымды сабынды ысқышпен тазартыңыз, одан кейін оларды сумен жуып-шайып және кептіріңіз, түрпілі жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз.

ТАМШЫЛАРДЫҢ АҒУЫНА АРНАЛҒАН ПОДДОН

Грильді пайдаланғаннан кейін поддонды пештен суырып алыңыз. Ыстық майды контейнерге құйып және поддонды ыстық суда ысқыштың және жуғыш құралдың көмегімен жуып-шайыңыз.

Егер майлы қалдықтарды кетіре алмасаңыз, поддонды суда жуғыш құралмен сулап алыңыз. Сондай-ақ сіз поддонды ыдыс-аяқ жуатын машинада жуып тазалай немесе дүкендерде ұсынылған жуғыш құралды пайдалана аласыз. Ешқашан ластанған поддонды пешке қайта салмаңыз.

техникалық қызмет көрсету (Модельге байланысты)










Бүйірлік сөрелерді алу және тазалау нұсқауы

1. Сымды сөрелерді көрсеткілер бағытымен тарту арқылы алыңыз (төменнен қараңыз).
2. Сымды сөрелерді тазалау үшін, оларды ыдыс жуғышқа салыңыз не дымқыл шүберекті пайдаланыңыз әрі толығымен кепкенін тексеріңіз.
3. Тазалау процесінен кейін сымды сөрелерді кері ретпен орнатыңыз.

Шамды ауыстыру (Модельге байланысты)

1. Пешті негізгі қуат көзінен ажыратыңыз.
2. Әйнек қақпақшасын ашып, шамды бұрап алып, оны сол типтегі жаңа шаммен ауыстырыңыз.
3. Зақымдалған шам ауыстырылғаннан кейін әйнек қақпақшасын орнына қойыңыз.



Бұл өнімде G (Лампа) энергия тиімділігі класының бір немесе бірнеше жарық көздері бар. * Бұл шаммен проблема туындаса, тұтынушыларға қызмет көрсету бөлімімен хабарласыңыз.

Aquactiva / Аквактива функциясы (Модельге байланысты)

Аквактива рәсімі пештегі қалдық майды және тамақтың бөлшектерін тазарту үшін бұды пайдалануға мүмкіндік береді.

1. 100 мл суды пештің түбіндегі арнайы Аквактива қуысына құйыңыз.
2. Пеш функциясын Төменгі жылыту + Желдеткішке орнатыңыз. ()
3. Температураны Аквактива белгісіне белгілеңіз. 
4. Бағдарламаны орындау аяқталғанша 20 минут тосыңыз.
5. 20 минут өткеннен кейін бағдарламаны өшіріп және пеш салқындағанша тосыңыз.
6. Құрал салқындаған кезде, оның ішкі бетін шүберекпен тазартыңыз.

Ескерту: Құралға жанаспас бұрын, оның салқындағанына көз жеткізіп алыңыз.

Барлық ыстық беттерден абай болыңыз, күйіп қалуыңыз мүмкін. Тазартылған немесе ауызсуды пайдаланыңыз.



Қалдықтарды кәдеге жарату және қоршаған ортаны қорғау.



Бұл құрал ЕО 2012/19/EU электр және электронды жабдықты кәдеге жарату туралы директивасының (WEEE) талаптарына сәйкес таңбаланған.

Электр және электронды

жабдықтың қалдықтары ластаушы заттардан да (қоршаған ортаға жағымсыз салдарлары болуы мүмкін), сондай-ақ негізгі тораптардан да (олар қайта пайдаланылуы мүмкін) тұрады. Электр және электронды жабдықтың қалдықтары барлық ластаушы заттарын жойып және барлық материалдарын қайта өңдеу арқылы кәдеге жаратудың рәсімдерінен дұрыс өтуі маңызды. Тіпті жекелеген тұлғалар да кәдеге жаратылатын электр және электронды жабдықтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаруы мүмкін; бірнеше негізгі ережелерді орындау маңызды болып табылады:

- Электр және электронды жабдықтың қалдықтарына әдеттегі тұрмыстық қалдықтар сияқты қарауға болмайды.

- Электр және электронды жабдықтың қалдықтары қалалық әкімшіліктің немесе ресми тіркелген компанияның басқаруындағы арнайы қабылдау орындарына тапсырылуы керек.

Көптеген елдерде электр және электронды жабдықты кәдеге жарату жөніндегі ірі компаниялар жабдықты үйден тасып

әкетуді ұйымдастыруы мүмкін. Жаңа электр тұрмыстық жабдықты сатып алған кезде, сатып алынатын құралдың сыныбына жататын және осындай қызметтерді орындауға арналған еск

і жабдықты сатушыға тапсыруға болады, ол бұндай жабдықты қабылдап алуға міндетті.

САҚТАУ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Мүмкіндігінше, пешті алдын ала қыздырмаңыз және әрқашан оны толтыруға тырысыңыз. Есікті мүмкіндігінше сирек ашыңыз, өйткені оны әрбір ашқан сайын пештің ішкі бөлігіндегі


жылудың тарап кетуіне әкеледі. Энергияны елеулі түрде үнемдеу үшін, пешті дайындауды аяқтаудың жоспарланған уақытына 5-10 минут қалғанда өшіріп отырыңыз, пештен шығатын қалдықты жылуды пайдаланыңыз. Саңылаусыз тығыздауышты таза ұстаңыз, бұл пештің ішкі

бөлігіндегі жылуды тарап кетуінен сақтайды. Егер сіздің электр энергияңыздың тарифі сағат бойынша төлеуге арналған болса, «кейінге қалдырылған дайындау» бағдарламасы дайындаудың үдерісін төмендетілген тарифтердің уақытына ауыстыруға мүмкіндік бере отырып, энергияны сақтаудың неғұрлым оңай тәсілін қамтамасыз етеді.

Ақауларды іздеу және жою

Проблема	Ықтимал себебі	Шешімі
Пеш қызбайды	Сағат ретке келтірілмеген	Сағатын ретке келтіріңіз
Пеш қызбайды	Балалардан оқшаулау іске қосылған	Балалардан оқшаулауды ажыратыңыз
Пеш қызбайды	Дайындаудың қызметі және температура белгіленбеген	Барлық қажетті реттеулердің дұрыс орындалғанына көз жеткізіңіз

Установка



A

RU Если в духовке нет охлаждающего вентилятора, необходимо выполнить отверстие 460 mm x 15 mm

KZ Егер пештің салқындату желдеткіші болмаса, есік жасаңыз 460 mm x 15 mm

B

RU Если мебель закрывает нижнюю заднюю часть прибора, следует предусмотреть отверстие для кабеля питания.

KZ Жиһаздың артқы бөлігі жабық болса, қуат кабелі үшін саңылау жасаңыз.

RU Производитель не несет ответственности за неточности, связанные с опечатками и неправильным переводом, которые могут иметь место в данной брошюре. Производитель оставляет за собой право вносить изменения в конструкцию выпускаемых им изделий, включая такие изменения, которые могут оказывать влияние на их эксплуатационные характеристики, при условии, что эти изменения не снижают безопасность и функциональные возможности изделия.

KZ Өндіруші осы нұсқаулықта кезігуі мүмкін қате терілу мен жаңсақтықтар үшін жауапкершілік көтермейді. Біз шығарылатын өнімдердің сапасын жақсарту мақсатында, өзіміз шығаратын бұйымдардың конструкциясына өзгертулер енгізу құқығын өзімізге қалдырамыз. Бұл орайда бұйымның негізгі функциялары мен оның қауіпсіздігі өзгеріссіз қалатын болады.



70074711